

«Ақ бота» балабақшасы МКҚК
педагогикалық кеңесінің кезектен тыс отырысының хаттамасы

Барлығы-11
Қатысқаны-11

02.06.2022ж

Күн тәртібінде:

- 1.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен таныстыру.
- 2.Өзін –өзі бағалау комиссиясын құру.
- 3.Өзін –өзі бағалау жұмысының жоспарын бекіту.

Тыңдалды:

1.Балабақша меңгерушісі : Аманшиева Б.С.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен таныстырып, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 06.04.2022ж мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде өзін –өзі бағалау жүргізілетінін хабарлады.

Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау жүргізілетінін, сонымен қатар бағаланатын кезең бұрын өткен төрт оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы осы бақылау басталғанға дейінгі (мамыр, маусым) болып табылатынын және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптарды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы, үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы бұйрықтарына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асырудың орындалуы қаралатыны айтылды.

Балабақшада өзін-өзі бағалау кезеңі 02.06.2022-01.07.2022ж. аралығында жүргізілетінін және бағалау кезеңіне 2017-2018; 2018-2019; 2019-2020; 2020-2021,2021-2022 оқу жылдары қамтылатынын атап өтті.

Тыңдалды:

2. Балабақша меңгерушісі Аманшиева Б.С.:

Балабақшаның мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін өзін-өзі бағалауды өткізу аттестаттау комиссиясы құрамы мекеме қызметкерлерінен бекітуге ұсынылды:

Комиссия төрайымы: Б.С. Аманшиева - меңгеруші

Комиссия мүшелері: С.И. Айтуганова - әдіскер

Л.А. Исмагулова - тәрбиеші

С.С. Спашева – тәрбиеші

Г.М. Мантакова - есепші

Хатшы: А.М. Жангалиева – педагог-психолог

Тыңдалды:

3. Балабақша әдіскері С.И. Айтуганова:

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығы негізінде бағалау кезеңдеріндегі құжаттардың қамтылуын, жұмыстарын жүйелі жүргізілу үшін құрылған жұмыс жоспарын таныстырып, бекітуге ұсынды.

Педагогикалық кеңес қаулы етті:

1. Өзін-өзі бағалау 2022 жылдың 01.06-01.07. аралығында жүргізілсін.
2. Өзін-өзі бағалауды өткізу аттестаттау комиссиясы құрамы бекітілсін.
3. Өзін –өзі бағалау жұмыс жоспары бекітілсін.



Балабақша меңгерушісі: *Аманшиева* Б.С. Аманшиева

Хатшы: *Мант* А.М. Жангалиева